

ЕЛІМІЗДІҢ АДАМГЕРШІЛІК-ЗИЯТКЕРЛІК ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ ҮШІН ҚАЗЖЕТТІ ЖАҒДАЙ ЖАСАУҒА МҮМКІНДІК ТАБАМЫЗ

Мемлекет басшысы Қ-Ж. Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында (2.09.2024) ел игілігі үшін атқарылатын жұмыстардың нақты бағыттары анықталды. Жолдаудағы: **«Ұстаздар – ұлттың зияткерлік қуаты. Олар білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің өркендеуіне жол ашады. Үздік оқу бағдарламасы, заманауи мектептер, озық басқару жүйесі болса да, ұстаз білікті болмаса, оның бәрі бекер екені анық»,** – деген тұжырымды ойлар біздің, ұстаздар қауымының ойына ерекше қонып, мақсатымызға жақындата түскендей болды.

Білімді де білікті оқытушының теориялық-әдістемелік құзіреттілігі, білім алушыға берген кәсіби кеңесі мен дұрыс бағдары өте маңызды. Президент Жолдауында айтылғандай, әр білім алушы адал да әділ азамат, адамшылығы жоғары тұлға болып қалыптасуы керек. ЖОО-да білім беру үдерісінде болашақ маманның кәсіби құзыреттілікпен қатар білім рухани қабілеттерін дамытатын тұлғалық құзыреттілікке ие болуы шарт. ЖОО-дағы кәсіби сипаттағы мамандық пәндері арқылы студентті маман ретінде даярлаумен қатар олардың адал әрі әділ болып қалыптасуына, әр ісін елге жанашырлық ниетпен жасауына, әрбір қадамымен елге пайдасын тигізуіне қажетті жағдай жасауымыз керек. Жаңа Қазақстан жағдайында адал да әділ азаматтарды ұлттық рухани құндылықтарымыз арқылы ғана қалыптастырамыз. Ұлттық университеттегі жалпы білім беретін пәндер қатарындағы «Абай ілімі» пәні – жастардың бойында адамдық, тұлғалық құзыреттіліктерді дамытатын оқу пәні болып табылады. Қазақ халқының рухани көшбасшысы, ұлы ақын, ойшыл-гуманист, философ, ағартушы Абай Құнанбайұлының ілімі – ұлттық құндылықтардың біртұтас жүйесі. Абай ілімінің жарығы арқылы біз жастардың бойындағы ізгі қасиеттерді Президент Жолдауындағы міндеттерге сай дамыта аламыз. Абай іліміне сүйеніп, білімді де саналы азамат тәрбиелеуге, еліміздің адамгершілік-зияткерлік әлеуетін арттырау үшін қажетті жағдай жасауға мүмкіндік табамыз.

**Мұсалы Л.Ж.,
ф.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ҒЗИ-дың доценті**